

ЖШС «БОПАЙ»БАЛАБАҚШАСЫ



«КҮН ДИДАРЛЫ- ҚАЗАҚСТАН»

«Бәйтерек» мектепалды тобы

Өткізген тәрбиешілер: Дошманова Г.А.

Дүйсебаева Г.А.

Ақтөбе-2023

Тақырыбы: «Күн дидарлы- Қазақстан!»

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп таппақ айтуға, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу. Еліміздің Тәуелсіздігіне орай өткізілетін шара топта өткізіледі. Балалар Әнұранды орындайды.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған тобымыздағы шарамызды бастаймыз.

Рәміздерім – елдігімнің белгісі,

Білу керек бала – дағы ең кіші.

Рәміздерім- ӘНҰРАН, КӨК ТҮ, ЕЛТАҢБА,

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

- Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан.

Тәрбиеші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

Балалар: Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев.

Тәрбиеші: Еліміздің Елордасы қай қала?

Балалар: Астана.

Тәрбиеші: Астана қандай қала?

Балалар: Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, балалар. Отан туралы таппақтарымызды айтайық.

Сәруар

Отан- жерім, Отан- суым,

Отан қуат, нәр береді.

Отан- ұран, Отан- туым,

Отан мәңгі гүлденеді!

Нүргелді

Қуат алған өзінен,

Туған елдің ұлымын.

Бақытты етіп өсірген,

Отанымның гүлімін.

Инабат

Шырқап көкке аспан – ән,

Болашаққа бас қадам.

Қазақ рухын биіктет,

Ей, бас қалам- АСТАНА !

Мұстафа

Қадамың бар баспаған,

Асуың бар аспаған,

Халқым жетсін мұратқа,

Ей, бас қала- АСТАНА!

Тәрбиеші: Біз бүгін тәуелсіздік алған күнімізді мерекелеудеміз. Біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан өз мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?

Балалар: Туымыздың түсі – көк.

Тәрбиеші: Иә, өте жақсы.

–Ал, енді балалар, Рәміздерге байланысты тақпақтарымызды айтайық (балалардың тақпақтары тыңдалады).

Айшабибі

Елтаңбасы елімнің,
Ңеткен әйбат, әдемі!
Тұнығындай көңілдің,
Ортада- аспан әлемі.

Мариям

Құт, береке – шаңырақ,
Орын алған ол төрден.
Қанатты қос арғымақ,
Екі жақтан көмкерген.

Раяна

Анаң- күнің, жүрегің,
Әкең – өмір тірегің.
Сен- бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!

Аяулым

Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы

Айназ

Тәуелсіздік жолында,
Талай – талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – Елтаңбам.

Айзере

Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын.
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.

Әдемі

Ақ ниеті- алтын күн
Асқақ арман – қыраны.
Жалауы бұл- халқымның,
Мәртебесі, мақтаны.
Ән: «Егемен ел-Қазақстан».

Тәрбиеші:Балалар,егемен ел атанғанымызға 32 жыл толады.Тәуелсіздік жылдарында елеулі жетістіктерге қол жетті.Өздеріңіз айтып өткендей біздің мемлекеттік Әнұранымыз,Елтаңбамыз,Туымыз бар. Сіздер біздің болашағымызсыздар.



